



ҮШІНШІ ТАРАПТЫҢ АДАЛДЫҒЫН ТИІСТІ ТЕКСЕРУ САЯСАТЫ

Құндылықтар мен қағидаттарды сәйкестендіру

Қаңтар 2025



Біз бизнесіміздің беделі мен табысы тікелей біздің серіктестеріміздің адалдығына байланысты екенін түсінеміз. Клиенттердің, қауымдастықтардың және мүдделі тараптардың сенімі – біздің бизнесті жауапкершілікпен, ашықтықпен және заңдар мен этикалық нормаларды толық сақтай отырып жүргізу қабілетімізге негізделген.


Осы Үшінші тараптың адалдығын тексеру саясаты жеткізушілерді, мердігерлерді, кеңесшілерді және басқа да іскер серіктестерді қоса алғанда, үшінші тараптармен байланысты тәуекелдерді бағалау және басқару тәсілімізді айқындайды. Бұл құжатта ынтымақтастыққа қатысатын барлық тараптардан күтілетін стандарттар көрсетілген және біз тек адалдықты, адам құқықтарын құрметтеуді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және бәсекелестікке қарсы заңнаманы сақтауды бөлісетін серіктестермен ғана жұмыс істейтінімізді бекітеді.

Бұл Саясатты жүзеге асыру біздің тұрақтылығымызды арттырады, беделімізді қорғайды және барлық мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылық қалыптастырады. Әрқайсыңызды осы Саясатқа толық жауапкершілікпен қарауға, оның қағидаттарын дәйекті түрде қолдануға және біздің іскерлік қатынастарымыздың адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарына негізделуін қамтамасыз етуге шақырамын.

Бірлескен күш-жігеріміз арқылы біз ең жоғары адалдық стандарттарын сақтап, компаниямыз бен серіктестеріміз үшін тұрақты табысқа қол жеткізе аламыз.

Құрметпен,

Майкл Тейлор
Бас директор
EC Holding Ltd.



Адалдық -
сенің жолың.
Әрдайым.

Үшінші тарапты білу

Күнделікті іскерлік қызмет барысында жұмыс істейтін елдерде көптеген үшінші тараптармен қарым-қатынас жасаймыз, әріптестік орнатамыз және ынтымақтастықта жұмыс істейміз. Өз кезегінде, үшінші тараптар EC Holding компаниясына (EC Holding / Eurasia Support Services ЖШС / Eurasia Service Solution ЖШС / Біз / Бізді / Біздің) қаржылық немесе беделге нұқсан келтіретін түрлі қауіптер төндіруі мүмкін. Сол себепті, клиенттеріміз, инвесторларымыз, акционерлеріміз, басқа да маңызды мүдделі тараптармен қызметкерлердің сенімі мен қолдауын сақтау үшін біз өзіміздің жоғары этикалық стандарттарымыздың сақталуын қамтамасыз етуіміз қажет.

Үшінші тараптың адалдығын тиісті тексеру (ҮТАТК) — біз қолданатын **Үшінші тараптармен байланысты тәуекелдерді басқару (ҮТБТБ)** тәсілінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және ол үшінші тараптармен бастапқы байланыстан бастап, бүкіл іскерлік қарым-қатынас кезеңінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты, бұл саясат аясында EC Holding компаниясына төнуі мүмкін, соның ішінде беделімізге әсер ететін тәуекелдерді тиісті деңгейде бағалау маңызды. Тиімді ҮТАТК арқылы және үшінші тараптарды жақсы танып-білу негізінде қабылданатын басқарушылық шешімдер дәлелді болып, ынтымақтастықты бастау, ұзарту немесе тоқтату туралы шешім қабылдауға көмектеседі.

Мақсаты - EC Holding пен Сізді қорғау

Үшінші тараптың адалдығын тиісті тексеру саясаты (ҮТАТК саясаты немесе саясат) — жаңа және ынтымақтастық бұрын орнатылған үшінші тараптармен, соның ішінде құндылықтар тізбегіндегі тараптармен этикалық сәйкестікті тиісті бағалауға және оны тұрақты бақылауда ұстауға қойылатын күтулерді, талаптарды және ең төменгі стандарттарды айқындайды.¹

Бұл сондай-ақ қандай да бір іскерлік өзара әрекеттестікке кедергі келтіретін немесе оны жалғастыру мүмкіндігін болдырмайтын тәуекелдер бар-жоғын анықтауды қамтиды. Осы саясат аясында қамтылатын іскерлік адалдық тәуекелдеріне мыналар жатады:



¹ Құндылықтар тізбегі – компания жүзеге асыратын өнім өндіру немесе қызмет көрсетуге байланысты қызмет түрлерінің жиынтығы, оған өнімді немесе қызметті әзірлеу, пайдалану және көдеге жарату, сондай-ақ компанияның жоғары және төмен ағынды бизнес серіктестері жүзеге асыратын ілеспе қызмет түрлері кіреді.

Үшінші тараптар

ҮШІНШІ ТАРАП ДЕГЕН НЕ?

Үшінші тарап – бұл ЕС Holding компаниясымен заңдық күші бар келісімшартқа (оның ішінде сатып алу тапсырыстары арқылы), келісімге, міндеттемеге, мәмілеге (тіпті бір реттік мәміле болса да) немесе басқа ықтимал іскерлік қатынасқа түсуі мүмкін немесе осындай ниеті бар жеке немесе заңды тұлға. Бұл, бірақ тек келесілермен шектелмей:

- **жабдықтаушылар** (оның ішінде консультанттар, кеңесшілер, агенттер, делдалдар, мердігерлер, дистрибьюторлар және лоббистер)
- **қаржы серіктестері** (банктер, несие ұйымдары, қарыз берушілер)
- **бірлескен кәсіпорын серіктестері, бірігу, жұтылу немесе активтерді сату,** операцияларына қатысушы тараптар.
- **Қайырымдылық көмек** (заттай көмек қоса алғанда), демеушілік немесе өзге де қоғамдық инвестиция/қолдау алушылар.

НЕГЕ ҮШІНШІ ТАРАПТАР ҚАУІП ТУДЫРУЫ МҮМКІН?

Кейбір үшінші тараптармен өзара әрекеттестік кезінде адалдық тәуекелдері жоғары болуы мүмкін, мұндай тәуекелдер әдетте төмендегі үш негізгі тәуекел профилімен байланысты:

- **елдік тәуекел** (заңды тұлғаның тіркелген елі немесе аффилиациясы, тауардың шыққан жері, қызмет көрсетілген ел)
- **санат / өнім тәуекелі** (қадағаланушылық, ашықтық, өндіру немесе өндіріс тәуекелдері)
- **қызмет түріне байланысты тәуекел**



ҚЫЗМЕТ ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛ

Кейбір үшінші тараптардың жүзеге асыратын қызметтері табиғаты бойынша тәуекелі жоғары болады. Бұған, мысалы, ЕС Holding атынан тікелей әрекет ететін үшінші тараптар жатады. Оларға, бірақ тек бұлармен шектелмей, ЕС Holding атынан таныстырушы, делдал немесе келісім ұйымдастырушы ретінде әрекет ететін, қызметтер көрсететін және/немесе ЕС Holding-ті басқа үшінші тараппен (оның ішінде бәсекелес, мемлекеттік лауазымды тұлға немесе сатып алу нысаны) міндеттемеге тартуға өкілеттілігі бар консультанттар, кеңесшілер, агенттер немесе делдалдар кіреді.

Осындай қызмет түрлерін орындайтын үшінші тараптар ЕС Holding-ті жоғары тәуекелдерге ұрындыруы мүмкін, себебі олар біздің тікелей бақылауымыздан және назар аясымыздан тыс әрекет етуі ықтимал. Бұл келісімнің шеңберінен тыс әрекеттерді немесе мінез-құлықты қамтуы мүмкін, бірақ тек олармен шектелмейді.

Белгілі бір жағдайларда, үшінші тараптың әрекеттері ЕС Holding-ке заңсыз немесе этикаға сай келмейтін әрекеттердің нәтижесінде залал келтіруі немесе компанияның жауапкершілікке тартылуына әкеп соғуы мүмкін.

Үшінші тараптармен байланысты жоғары тәуекелді басқа да қызмет салаларына мыналар жатады: бірігу және жұтылу мәмілелері, ЕС Holding атынан үлкен көлемде жеке деректерді сақтау немесе өңдеу, мемлекеттік меншіктегі кәсіпорындармен немесе оларға аффилиирленген ұйымдармен байланысты қызметтер. Қызмет түрлерінің толық тізімі ЕС Holding ҰТАТК бойынша Нұсқаулық құжатында келтірілген.²

САҚТАЛУЫ ТИІС НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Бес негізгі сала

Келесі беттерде ҰТАТК үдерісін енгізу үшін ЕС Holding-ке қатысты кез келген бизнесте сақталуы тиіс ең төменгі стандарттар көрсетілген.

Қамтылатын салалар:

1. Басқару
2. Бақылау шаралары

3. Шешім қабылдау
4. Мониторинг және қайта қарау
5. Құжаттарды тіркеу және сақтау

² Толық тізім EC Holding ҰТАТК бойынша Нұсқаулықта көрсетілген.

³ ҰТАТК үдерісі — бұл осы саясатты тиімді іске асыру үшін қажетті барлық кезеңдерден тұратын үдеріс, ол EC Holding ҰТАТК Нұсқаулығында баяндалған.

АДАЛДЫҚТЫ ТЕКСЕРУ БОЙЫНША ЕҢ ТӨМЕНГІ СТАНДАРТТАР

1. Басқару

Әрбір ЕС Holding құрылымы осы саясат аясындағы үшінші тараптарға қатысты адалдықты тексеру бойынша қолданылатын барлық жергілікті заңдар мен нормативтік актілерді сақтайды.

1.1. Осы саясат, Бизнесіте адалдық саясаты немесе қолданылатын заңдар мен нормативтер арасында қайшылық болған жағдайда, ең қатаң талаптарға сай әрекет етілуі тиіс.

Үшінші тараптың адалдығын тексеру бойынша рөлдер мен жауапкершіліктер нақты айқындалып, міндеттердің бөлінуін қамтамасыз ету үшін құжатпен рәсімделген.

1.2. Елдің Аға Көшбасшысы ҰТАТК және/немесе шешім қабылдау үшін жауапты болып табылады және заңнама мен осы саясатта көрсетілген ең төменгі стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

1.3. Аймақтық бас заң кеңесшісі мен аймақтық сатып алу директоры (тағайындалған жағдайда) өз аймағындағы елдерде ҰТАТК саясатының енгізілуін қамтамасыз етуге жауапты.

1.4. Белгіленген функционалдық жетекші (мысалы, ел бойынша сатып алу директоры немесе елдік заң кеңесшісі) осы саясатқа сәйкес тиісті үшінші тарап санатына қатысты ҰТАТК-ке жауапты және ең төменгі стандарттардың тиімді орындалуын қамтамасыз етеді.

Осы саясатта баяндалған ең төменгі стандарттардың сақталуы туралы жаңартулар тиісті корпоративтік басқару жүйесі арқылы жоғарыға жеткізіледі.

1.5. Белгіленген функционалдық жетекші (жетекшілер) елдік басқаруға, оның ішінде Этикалық және Адалдық комитеті арқылы (егер енгізілген болса), мерзімді есеп береді.

1.6. Жауапты аймақтық бас заң кеңесшісі ҰТАТК бойынша операциялық көрсеткіштер және маңызды үшінші тарап тәуекелдері туралы аймақтық басқару комитетіне есеп береді.

1.7. Осы саясаттан кез келген ауытқуға тек Елдік және Аймақтық заң кеңесшілері тарапынан қаралғаннан кейін Этикалық және адалдық бойынша Топ басшысының мақұлдауымен ғана жол беріледі.

ҰТАТК үдерісі шеңберінде жиналатын/өңделетін деректер Топтың Дербес деректерді қорғау саясатына немесе соған баламалы ұлттық саясатқа сәйкес жүргізіледі.

1.8. ҰТАТК платформасына (немесе баламалы скринингтік жүйеге) және үдерісіне қатысты тиісті Құпиялыққа әсерді бағалау жыл сайын жүргізіледі және, қажет болған жағдайда, дербес деректерді өңдеу әрекеттері тиісті деректерді қорғау саясаттарына сәйкес құжатталады.

2. Бақылау шаралары

ҰТАТК үдерісі келесі жағдайлар орын алғанға дейін жүргізілуі тиіс: (a) үшінші тараппен заңдық күші бар келісімге отыру, ұзарту немесе жаңарту алдында; (b) үшінші тарапты тиісті жүйеге тіркеу алдында; (c) бизнес шеңберінен тыс немесе күмәнді төлемдерді өңдеуден бұрын; (d) бір реттік мәмілені мақұлдаудан бұрын.

2.1. Барлық үшінші тараптар кемінде ҰТАТК платформасы арқылы санкциялар мен бақылау тізімдеріне қатысты скринингтен⁴ өтуі тиіс.

2.2. ҰТАТК үдерісі ресми түрде рәсімделіп, келесі үшінші тараптарды қамтиды:

- жаңа үшінші тараптар
- қолданыстағы үшінші тараптар (яғни ЕС Holding келісімді ұзартқысы немесе жаңартқысы келетін әрекеттегі тұлғалар немесе ұйымдар)
- тарихи белсенді емес үшінші тараптар (яғни соңғы 2 жыл ішінде мәміле жасалмаған, бірақ қайта белсендірілген тұлғалар немесе ұйымдар)

⁴ Скрининг тәуекелдерді бағалау мақсатында сәйкестік деректерінің тәуелсіз көздері арқылы үшінші тарап деректерін іске қосуды білдіреді.

2. Бақылау шаралары

Белгілі бір санаттағы үшінші тараптар үшін қосымша скрининг Топтың ҰТАТК Нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.

2.3. Қосымша скрининг жоғары тәуекелге жататын үшінші тараптарға қатысты қолданылады. Бұл келесілерді қамтиды (бірақ олармен шектелмейді): қайырымдылық ұйымдарының түпкілікті бенефициарларын растау, бірігу немесе қосылу мәмілесіне қатысушылар, өте жоғары тәуекелді елдерде орналасқан немесе тіркелген тараптар, сондай-ақ Топтың Бекіту нұсқаулығының «Кәсіби кеңесшілер мен консультанттарды тарту» және «Күмәнді мәмілелер / Арнайы төлемдер» бөлімдерінде көрсетілген тараптар.

2.4. Бірігу, қосылу, жаңа инвестициялар, бірлескен кәсіпорындар немесе серіктестіктер жағдайында Топтың Заң бөлімі, М&А және Этикалық және адалдық бойынша Топ басшысымен бірлесіп Этикалық және адалдық бағдарламасына баға⁵ беріледі.

2.5. Бизнес сатылымы жағдайында, сатып алушы тараптар (соның ішінде делдалдар мен өкілдер) бойынша қаражаттың шығу көзін тексеру ҰТАТК скринингке қосымша ретінде міндетті түрде жүзеге асырылады.

Алдын ала қолданысқа беру рәсімдері санкцияларға немесе басқа да заңдық және этикалық тәуекелдерге ұшырауы мүмкін ұйымдар мен тұлғаларды ҰТАТК жүргізбей тарту жағдайларын болдырмау үшін қарастырылады.

2.6. Белгіленген функционалдық жетекшіден келген жолдамадан кейін, Елдік және Аймақтық заң кеңесшілері келесі жағдайларда келісімді (ұзарту, төлем қабылдау немесе төлеу) бастамас бұрын қарау жүргізуі тиіс:

- егер кез келген юрисдикцияда санкцияларға ұшырағаны расталған немесе күдік тудырса;
- егер санкциялық режимі толық қолданылатын елдермен байланысы бар болса (орналасуы, тауар/қызметтің шығу тегі, операциялар)⁶
- егер парақорлық, бәсекелестікке қарсы әрекет, адам құқықтарының бұзылуы немесе алаяқтық бойынша құқықтық іс жүргізуге ұшырағаны расталса немесе күдікті болса Заңдық немесе этикалық тыйым салатын себептер болмаған жағдайда, Елдік және Аймақтық заң кеңесшілері EC Holding Этикалық және адалдық бойынша Топ басшысына қарау және мақұлдау үшін жолдайды.

2.7. Құқықтық немесе этикалық кедергілердің жоқтығы расталғаннан кейін, Заң бөлімі мәселені Бас директорға және Материалдық-техникалық қамтамасыз ету директорының қарауына және бекітуіне жібереді.

3. Шешім қабылдау

Қолдау мен тәуекелді азайту шаралары үшінші тараппен заңды түрде міндетті келісімге отыру, оны ұзарту немесе кеңейту, үшінші тарапты тиісті жүйенің негізгі деректеріне қосу, ерекше жағдайдағы немесе әдеттен тыс төлемді өндеу не бір реттік мәмілені мақұлдау алдында ресми түрде рәсімделуі тиіс.

3.1. ҰТАТК-тен өткеннен кейін жоғары тәуекел деңгейіне ие деп танылған үшінші тараптармен келісімшарт жасауға және/немесе EC Holding тарапынан төлем жасауға тек Елдік және Аймақтық заң кеңесшілерінің ұсынымы мен жауапты Елдік аға көшбасшысының кейінгі мақұлдауымен ғана жол беріледі. Мұндай мақұлдаулар тиісті тәуекелдерді азайту шараларын қамтуы мүмкін. 2-бөлімді де қараңыз — кейбір мәмілелер немесе тарту жағдайларында Этикалық және адалдық бойынша Топ басшысының мақұлдауы талап етіледі.

3.2. Тәуекелді азайту шаралары мүмкіндігінше үшінші тараппен қатынас орнату немесе қолда бар қатынасты жалғастыру туралы шешім қабылданғанға дейін жүзеге асырылады және Ethics & Integrity TPIDD құралына (немесе соған баламалы ҰТАТК скрининг платформасына) құжат түрінде енгізіледі.

⁵ Этика және адалдық бағдарламасын бағалау бойынша ең төменгі стандарттар үшін Топтық ҰТАТК Нұсқаулығы мен М&А playbook құжатына жүгінізіз

⁶ Тиісті тізімді Топтық ҰТАТК Нұсқаулығынан табуға болады.

⁷ Топ деңгейіне жоғарыға жеткізуді талап етеді — бұл Group Approvals Manual құжатындағы Кәсіби кеңесшілер мен консультанттарды тарту және Ерекше мәмілелер/Арнайы төлемдер бөлімдерімен реттеледі. Қосымша ақпарат алу үшін Group Approvals Manual құжатына жүгінізіз.

4. Мониторинг және қайта қарау

Тартылған үшінші тараптармен іскерлік қатынас кезеңінде олар тұрақты түрде бақылауға алынады.

- 4.1. ҮТАТК скринингінен өткен барлық үшінші тараптар үшін Этикалық және адалдық ҮТАТК құралы (немесе соған баламалы ҮТАТК скрининг платформасы) арқылы жүйеге негізделген мониторинг автоматты түрде жүргізіледі, ал жоғары тәуекелге ие үшінші тараптар үшін ҮТАТК жаңартуы әр 2 жыл сайын өткізіледі.
- 4.2. Жоғары тәуекелге ие үшінші тараптарға қатысты елдік деңгейде келесі тұрақты аудит және мониторинг шаралары жүргізіледі:
- жыл сайынғы іскерлік адалдық декларациялары
 - үшінші тараптың өзін-өзі бағалау сауалнамалары
 - объектіге немесе орынға барып тексеру
 - іскерлік адалдық тәуекелдерін қамтитын белгілі бір саясаттарды қайта қарау
 - тәуекелге негізделген аудит және дәлелге негізделген тексерулер
 - үшінші тараптарға арналған этика және адалдық бойынша оқыту
- 4.3. Бұрын скринингтен өткен үшінші тарапқа қатысты ҮТАТК жаңартуы, егер тарту жаңа және Топтық ҮТАТК Нұсқаулығына сәйкес жоғары тәуекелді санатқа немесе өнімге қатысты болса, жүргізіледі.

5. Құжаттарды тіркеу және сақтау

Нақты және тиісті аудит жазбалары мен құжаттамасы сақталады және қолжетімді болуы тиіс.

5.1. ҮТАТК құжаттамасы келесілерді қамтуы мүмкін:

- қолданысқа беру сауалнамалары
- үшінші тарап ұсынған растайтын дәлелдер/құжаттар
- тарту алдындағы/кейінгі аудиттер
- мониторинг ескертулері
- шешімдер мен мақұлдаулар
- Этикалық және адалдық ҮТАТК құралындағы (немесе балама скрининг платформасындағы) деректер

Қолданылу аясы және сақталуы

БҮЛ КІМГЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Бұл саясат ЕС Holding-тің барлық құрылымдарына - яғни, барлық аймақтар, елдер, секторлар және ұйымдарға қолданылады. Сондай-ақ ЕС Holding күнделікті басқаратын немесе көп үлеске ие болып табылатын бірлескен кәсіпорындар мен консорциумдарға да қолданылады.

Егер аймақтық басшы осы саясаттың қолданылу аясындағы үшінші тарапты тартқысы келсе, қызметтер көрсетілетін елдегі немесе аймақтық басшы орналасқан елдегі қолданылатын үдеріс сақталуы тиіс.

Осы саясатты ұстану міндетті.

Саясатты бұзу тәртіптік жазаға, оның ішінде жұмыстан шығаруға, ал үшінші тараптар үшін келісімді бұзуға әкеп соғуы мүмкін.

Егер біз қандай да бір заңды тұлғада аз үлеске ие болсақ немесе өзге жағдайларда іскер серіктес ЕС Holding саясатын сақтауға келіссе, осы саясаттағы негізгі қағидалардың келісімшарттық міндеттеме ретінде енгізілуіне қол жеткізуге тырысамыз.

⁸«Іскер серіктес» термині ЕС Holding үлесі немесе өзге де мүддесі бар ұйым немесе заңды тұлғаға қатысты қолданылады.



Орын алуы мүмкін бұзушылықтар туралы хабарлау

ЕС Holding компаниясындағы әрбір адам осы саясаттың ықтимал бұзушылықтары туралы хабарлау жауапкершілігін өз мойнына алады. ЕС Holding кез келген алаңдаушылықты хабарлауды қолдайды және [Үнсіз қалма, сені естиді](#) саясатына сәйкес хабарлаушыларды кез келген зиян немесе кек алу әрекетінен қорғауға міндеттенеді.

Қосымша ақпарат үшін мына нөмірге хабарласыңыз +7 775 007 49 97



Егер осы саясаттың бұзылғанын білсеңіз немесе күдіктенсеңіз, бұл туралы өз тікелей басшыңызға немесе бөлім жетекшісіне, жергілікті HR менеджеріңізге немесе Listen Up жауапты тұлғаға, елдік, аймақтық немесе Топтың заң бөліміне, немесе Group Ethics & Integrity қызметкеріне немесе тәуелсіз әрі құпия жаһандық хабарлау желіміз - [Үнсіз қалма, сені естиді](#) арқылы хабарлай аласыз.

Қарау және бекіту

Бұл саясат ЕС Holding басшылығы тарапынан мақұлданған және ЕС Holding Заң және Коммерциялық бөлімдері тарапынан мерзімді түрде қайта қаралады.

Сізді осы саясатқа қатысты пікір қалдыруға және оны жетілдіру жолдарын ұсынуға шақырамыз. Пікірлер, ұсыныстар және сұрақтар Group Ethics & Integrity порталы арқылы Ask a question функциясы арқылы жолдануы тиіс